Жүргізуші тренингке қатысушыларға алфавит қатары бойынша 5-10 минут ішінде бөлмедегі заттарды жазуды тапсырады. Бір әріпті пайдаланып бірнеше заттарды жазуға болады. Ең қиындығы – алфавиттің барлық әріпіне сай заттарды табу. Кімнің тізімі ең ұзын болса, сол жеңіске жетеді.

«Алфавит бойынша» жаттығуы

Үстелдің үстінде алфавит әріптері жазылған карточкалар тұрады. Қатысушылар оларды бір-бірден алады да, жүргізуші белгі берген ойыншылар алфавит реті бойынша тұра қалулары қажет. Егер де қатысушылар толық болмаса, онда алфавиттің тек бір бөлшегін пайдалануға болады.

«Баспалдақ» жаттығуы

Тренингке қатысушыларға кез келген әріп ұсынылады, мысалға, «А» әріпі. Осы берілген әріпке басталатын екі әріптен тұратын сөз жазу керек, ары қарай үш, төрт, бес ... әріптен құралған сөздер құрастыру арқылы баспалдақ орнату керек. Ең ұзын «баспалдақ» құрастырған ойыншы жеңіске жетеді.

Мысалы: А, Ат, Ана, Алма, Алғыс, Алаша, Арыстан, Алжапқыш, Адыраспан.

Қимыл-қозғалыс арқылы жаттығулар

«Тиын» жаттығуы

Тренингке қатысушылардың бірін аңшы қылып тағайындайды. Ал қалған қатысушылардың барлығы – «тиындар». Аңшы оларды тек жерде жүргенде ғана аулайды. Егерде тиын ағаштың үстінде жүрсе, яғни кез келген ағаштан жасалған заттың үстінде (орындықты, үстелді ұстаса) жүрсе оларды ұстауға болмайды. Аңшы ұстап алған «тиын» аңшының орнымен алмасады.

«Айна» жаттығуы

Балалар қолдарынан ұстап дөңгеленіп тұрады. Жүргізуші дөңгелектің ішінде тұрып қандай да бір қимыл көрсетеді (отырады, бір аяқпен тұру, суда тұрып орынында жүгіру, т.б.). Балалар қолдарын жіберіп жүргізушінің істеген әрекетін қайталаулары қажет.

Төрт құбылыс

Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші «су» десе қолдарын алдына созады, «ауа» десе жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса ойыннан шығарылады.

Көңілді шеңбер

Балалар шеңбер жасап отырады. Бір-біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі бергенде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балаларға әр түрлі заттарды қыстырып қояды (гүл, орамал, көзілдірік, т.с.с.). Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? - деп сұрайды. Ең зейінді балаға сыйлық беруге болады.

Орныңды тап

Балалар шеңберге тұрады. Әр бала өзінің жанындағы баланы есінде сақтап, қарап алуы керек. Жүргізушінің бірінші белгісі бойынша, бөлменің жан-жағына тарап кетеді (белгі: шапалақтау, барабанмен беріледі). Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, кімнің қасында тұрғанын есінде сақтап, қайта шеңбер түзеді. өз орынын таппаған балалар ойыннан шығарылады.

Ойыншықты сипатта

Жүргізуші балаларға қолындағы ойыншықты мұқият қарап алуға ұсынады (1 минут). Алынатын ойыншықтар түрлі-түсті және бөліктері бір-нешеу болуы шарт. Ойыншықты жасырып, балалардан сол ойыншықты көргендегі түр-түсі, көлемі, пішіні, дене бөліктерін есінде сақтағанын сипаттап беруді талап етеді. Ойыншықты дәл, нақты сипаттап берген бала ойынды әрі қарай жалғастырады.

Сөзді есінде сақта

Жүргізуші балаларға 7 қосарлы сөздерді оқиды. Балаларға мұқият тыңдау ұсынылады. Бірінші сөзді жүргізуші айтады, балалар келесі сөзді есінде сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді түгел айтып шығу керек.

көктем – жаңбыр

аспан – бұлт

жаз – күн шықты

жер – шөп

Зейінді тұрақтандыруға арналған ойындар

Мен жеңімпазбын

Орындықтарды ортаға қойып, музыка әуені ойнағанда балалар шеңбермен айналып жүгіреді. Орындықтар саны балалар санынан 1 санға кем болуы керек. Ең соңында қалған бала орындықтың үстіне шығып, мен жеңімпазбын деп айтуы керек.

Құлақ-мұрын

Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші: құлақ – деп мұрнын ұстайды. Ал балалар айтылған мүшені дұрыс көрсетулері тиіс. Жүргізуші балалардың зейіні мен қабылдауын тексеру мақсатында оларды шатастырып атайды.

Өз орныңды тап

Балалар қатармен тұрады. Әр баланың қолында әр түрлі сандар.

Жүргізуші белгі берген уақытта балалар сандардың реті бойынша тұруға тиісті. Ойын бірнеше рет қайталанады. Балалардың орындарын шатастырып алмауы қадағаланады.

Дайын бол

Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші бір сөз айтады, ал балалар сол сөзді іс-қимылмен көрсетеді. Мысалы: қоян – секіреді, құс – ұшады т.с.с.

Зейінді бол

Балалар шеңберде тұрады. Жүргізуші әр түрлі қимыл-қозғалысты көрсетеді. Балалар қайталап тұрады. Жүргізуші ескерткен қозғалысты, мысалы: қос аяқпен секіру қозғалысын қайталамайды. Қайталаған бала ойыннан шығарылып, жеңімпаз жүргізуші болады.

Ойлауды дамытуға арналған ойындар

Матадағы менің орным

Жердегі жатқан мата үстіне балалар белгі берген уақытта тұрып қалуы тиіс. Матаның өлшемін мұғалім кішірейте отырып ойынды жалғастырады. Бірақ ойында балалар мата бетінен шығып кетпеулері керек.

Ойлан да аяқта

- Лимон қышқыл, ал қант... (тәтті)
- Егер үстел орындықтан биік болса, онда орындық...
- Екі, бірден көп, ал бір...
- Пышақ та, әйнек те... (өткір)

Ойлан да аяқта

- Ат шабады, ал қарлығаш...
- Ит үреді, ал қарға...
- Жылан жорғалайды, балық...

Қарама-қарсы сөзді ата

Балалар шеңберге тұрады. Жүргізуші доппен балалардың арасында тұрады. Жүргізуші балаларға кезекпен допты лақтырып, бір сөзді айтады. Балалар сол сөзге қарама-қарсы сөзді айтулары тиіс.

Қара –

Күн –

Аласа –

Ойын: «Суреттерді құрастыр»

Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту.

Психолог балаларға 3-4 бөлікке бөлінген суретті береді. Балалар үлгінің көмегімен суретті құрастырады.

Ойын: «Кім тығылды?»

Мақсаты: көзбен қабылдауын дамыту.

Психолог балаларға жануарлар бейнеленген суреттерді көрсетіп, суретте қандай жануар жасырынғанын сұрайды.

Балалар алдымен атын атап, содан соң суретті бояйды.

Ойын: «Не артық?»

Мақсаты: суреттерді салыстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту.

Психолог балаларға үш қатар суреттері бар бетшелерді ұсынады. Әр қатардағы бейнеленген заттарды сипатына қарай мұқият қарап, басқа-

ларынан өзгеше біреуін табуын өтінеді. Осылайша әр қатардағы заттардан бала артығын табады.

Ойын: «Не жетіспейді?»

Мақсаты: көзбен қабылдау және ойлау қабілетін дамыту.

Психолог балаларға бірнеше заттардың суреті бар бетшелерді ұсынады. Суретті мұқият қарап, әр заттың жетіспейтін бөлшегін табуын сұрайды.

Балаларға үйге тапсырма беру. Оларды мадақтап-мақтау арқылы бағалау. Сау бол деп қол бұлғату.

Жасөспірімдердің өтпелі кезеңдеріне арналған психологиялық тренинг

Г. КЕНҒАН

Мақсаты: жасөспірімдердің өтпелі кезеңдеріндегі үдеріс туралы мәлімет толықтыру. Өмірді бағалай білуге, өмірдің құндылықтарын түсінуге көмектесу. Оқушылар арасында жағымды психологиялық қатынас тудыру.

Тренингтің ережесі:

1. Бір-бірімізді тыңдаймыз;
2. Достарыммен жақсы қарым-қатынас;
3. Уақытты үнемдейміз;
4. Белсенділік көрсетеміз;
5. Маңызды нәрселерді ғана айтамыз;
6. Өз ойымызды ашық айтуға үйренеміз.

Психолог:

«Өмір – сенің жарқылдайтын аспаның,

Өмір – сенің сарқылмайтын дастаның» - демекші, өмірдің мәнін құндылығын түсіндіру мақсатында «Біз бақытты өмірді таңдаймыз» атты психологиялық тренингімізді бастауға рұқсат етіңіздер. Фабит Мүсірепов атамыз айтқандай: «Махаббат, достық, бауырмалдық – адамның ең бір асыл қасиеттері».

Барысы: «Өрмекші торы» (паутина) жаттығуы. Үлкен оралған жіпті мен бастап ұшын өзіме алып қалып, ораманы қарсы тұрған балаға өзім туралы қысқаша мәлімет айтып беремін. Ол бала өзі туралы айтып келесі балаға береді. Осылайша барлық балалар қамтылу керек. Сонда біз өрмекшінің торын жасадық. Енді керісінше соңғы бала өзіне қай бала жіпті берді сол балаға ол туралы есіне сақтағанын айтып қайтарып береді. Осылайша оралған жіп маған қайтып келу керек.

«Суреттегі ой». Қатысушылар сурет салынған үлестірмелер береді. Бұдан не көріп тұрмыз? Суреттер бойынша өз ойларын не түсінгендерін айтып ортаға салады.

1-топқа тапсырма: Ақ қағазға салынған төртбұрыш ішінде қара нүкте орналасқан.

Жауабы: Ортасында қара нүктесі бар, ақ кеңестік. Бұл бала алғаш дүниеге келгенде ақ қағаздай, сол қағазға ата анасымен біздердің салған бейнеміз қаншалықты дұрыс болса, сол нәтижесімен салыстыруға болады...

2-топқа тапсырма: Жарқын шуағын төккен күн астында әр ұлттың үш баласы қол ұстасып тұрғаны бейнеленген.

Жауабы: Сыртқы түстері әр түрлі болғанымен бұл балалардың жан дүниесі бірдей, сондықтан ұлағатты ұстаздар оларға күн сәулесіндей бірдей мейірім шуағын төгеді...

3-топқа тапсырма: Біреуді нұсқап тұрған сұқ саусақты бейнелеу.

Жауабы: Біз сұқ саусағымызбен өзгені көрсетіп тұрғанда өзге үш саусағымызбен өзімізді көрсеткенімізді аңғара бермейміз. Ендеше, біз әлдекімді кінәлағанда, өзіміздің күнәміз бар ма, жоқ па, осы жағына көңіл бөлуіміз қажет. Кінәні өзгеден емес, өзімізден іздейік...

Тұлғаның өзіне сенімділігін психологиялық әуенді терапиясы. Енді бойларыңызды еркін ұстап орындықтарыңызға жайланып отырыңыз, біз барлығымыз саяхатқа шығып келейік. Көздеріңізді жұмып, қолдарыңызды алға бос ұстаңыздар. Біз ұзақ жолға шығамыз. Ұзақ жол. Сол қиын жолдармен жүріп келеміз. Аспанда аппақ ақша бұлттар. Оң жағымызға қараймыз. Оң жағымызда биік тау. Даланың таза иісі мұрындарыңызға келеді. Қандай керемет! Асқар таудың әдемі суретін көзімізбен көрген. Сол жағымызға қараймыз. Сол жағымызда сарқырап ағып жатқан өзен судың дыбысы құстармен үндесіп жатыр. Жүріп келеміз алдымыздан үлкен бір бақ кезікті, жақындап келеміз. Бақта алма ағаштарынан өзімізге керек біраз алмалар теріп алған едік. Жүріп келеміз. Алдарыңыздан біреулеріңіздің ата-аналарыңыз, біреулеріңіздің бауырларыңыз шықты. Әкелген ғажайып алмаларыңызды үлестіріп жатырсыз. Алма жеген ата-аналар да, бауырлар да мәз. Бұл кезеңде өмірдегі бір бақытты күндердің бір күні емес пе?... Енді көздеріңізді жайлап қана ашыңыздар.

Жаттығу «Сөйлемді аяқта» оқушыларға сөйлемнің басы жазылған парақтар беріледі. Екі топ сол сөйлемді аяқтайды. Мысалы:

- Біз бақыттымыз, өйткені.....
- Біз татумыз, өйткені.....
- Біз бір бірімізге сенеміз, өйткені.....
- Біз қуаныштымыз, өйткені....
- Біз қайырымдымыз, өйткені.....
- Біз үнемі бақытты болуға күресеміз, өйткені.....

«Ой түйіні» Әр топ екі түрлі түстер таңдап аласыңдар.

1-топ. Таңдаған түсі қызыл, жасыл (гүлдер жасау) Ұстаздарымыздан алған біліміміз бен тәрбиенің арқасында Отанымыз сүйетін патриоттар болып өсеміз. Осы гүлді ұстаздарымызға сыйлаймыз.

2-топ. Таңдаған түсі көк, сары. (Қазақстан туын бейнелейді) Ұстаздарыңыздың еңбектерін ақтап егеменді еліміздің білімді ұрпағы болып, тілімізді, дінімізді құрметтей отырып, еліміздің туын биікке көтеруге ұмтыламыз.

Рефлексия. Оқушылар бүгінгі тренингтер қандай ой түйгендері туралы эмоциялық белгілермен бөлісіп, өз ойларын ортаға салады.

Қорытындылау. Бұл сіздердің өмір жолымен барып, білім қуған кезіңіз. Алған алмаларыңыз білім мен тәрбиенің ұштасқан жемісі. Тренингке қатысқандарға алғыс білдіру сәтімен аяқтаймыз.

Оқушылардың мазасыздануын төмендетуге арналған психологиялық жаттығулар

I. ӘЛІМЖАН

«Құпия іздейміз». Өзіңіздегі жасырын ерекшелікті келесі жолмен табуға тырысып көріңіз. Ессіз ғалым сіздің көшірмеңіз болатын бір жұмыс ойлап тапты деп ойлаңыз. Сіздің сыңарыңыз барлық жағынан сізге сәйкес келеді. Бірақ ол жамандық құралы болғандықтан, оны сіз деп қабылдап қою мүмкін екені сізде кірбің туғызады. Сізде екінші рет жасауға келмейтін не бар? Сізді жақсы білетіндер айнытпай танитындай не ерекшелік бар? Егер сіздің құпияңызды біреу білсе сізді көшіруі үшін оны қолдануы мүмкін бе? Сіз барлық құпияңызды аштыңыз, бірақ жұмыс бәрін дәлдікпен жасап шықты. Енді сіз ең соңынан нағыз маңызды қай құпияңызды ашасыз? Ең болмаса өзіңіз сіз көшірме емес екеніңізге сенімді болу үшін керек.

«Ырылда, арыстан, ырылда, соққыла, пойыз, соққыла». Бұл ойынды пассивті және тежелгіш балалармен ойнаған дұрыс. «Біз бәріміз – арыстандармыз, үлкен арыстандар жанұясы. Кім қатты ырылдайды, жарысып көрелік. Мен «ырылда арыстан ырылда» деп айтқанда қатты ырыл естілсін». «Кім қатты ырылдай алады? Жақсы ырылдайсыңдар, арыстандар... Осы арыстанның дауысы ма? Бұл мысық баласының шіңкілі ғой? Күшті дауысты арыстан керек». Осыдан кейін бәрі бір-бірінің артынан тұрып иықтарына қолын қояды. Сендер – паравозсыңдар. Бөлме жиегімен ысқырып, соққылып жылжыңдар. Бөлмені бір рет айналғасын бірінші бала соңына тұрып, кейінгісі «паровоз» орнына тұрады. Ол әлдеқайда тезірек, және қатты дауыспен жылжуы керек. Бәрі паровоз рөлінде болып шыққанша ойын жалғасады. Ойын соңында бәрі еденге құлауы мүмкін.

«Ойлап тапқыш». Бұл тапсырма өте оңай. Әрбір қатысушыға кезек-

пен қандай да бір көңілді ойын ойлап тауып, топқа ұйымдастырып жүргізу тапсырылады. Ол тығылыспақ, жасырынбақ немесе т.б. экзотикалық ойын болуы мүмкін. Топ қатысушылары ойлап табушының қағазына өздерінің бес балдық жүйедегі бағасын қояды. Сонымен қатысушылар кезекпен көңілді ойын ойнатады. Соңынан бәрі ойнап болғасын тапқыштар өз бағаларын қосады. Қорытынды балл анықталады. Сөйтіп оларды салыстырсақ, ең күшті ойлап тапқышты анықтауға болады. А.Б. Добрович ұялшақ, ұяң адамдарға оны жеңудің әдістерін ұсынады. Ол адамдардың өзара қарым-қатынас ерекшеліктері туралы нақты сұрақтар қойып, осы бейімділікті дамытатын «жаттығуларды» ұсынады.

1-жаттығу. Қалай өту, қай жермен жүру және т.б сияқты сұрақтарды етіп бара жатқан адамдар жиі қояды ма? Егер бұл жағдай өте сирек болса, онда сіздің түріңіз жабық немесе жабырқау, қатал болғаны. Сіз адамдардан алшақтайсыз. Бұл сіздің шаруаңыз. Бірақ олар да сізден ешқандай байланысу сезбей, алшақтап кететінін ескеріңіз. Таңертең айнадағы бейнеңізге ұзағырақ қараңыз. Өзіңізге тіліңізді көрсетіңіз: ол сізді күлдіреді, сіз жымиясыз. Тоқта! Күні бойы сізде осындай түр болу керек. Адамдарға шығар кезде өзіңізге осылай уәде беріңіз.

2-жаттығу. Автобустағы, метродағы, поезддағы адамдардан күдік аңғарасыз ба? Егер аңғармасаңыз, онда сіз өзіңізге тұйық болғаныңыз. Бұл жақсы емес. Сіз адамдардың сезімін бағалай алмайсыз. Өзіңіздің алғашқы көңіліңізді «шындыққа» санауың оп-оңай.

Транспортта келе жатып жақындау біреуге назар аударыңыз. Оны «жарты көзбен» жоғарыдан қараңыз: адамды өзін тіке сынау тітіркендіреді. Егер оның көзімен түйісіп қалсаңыз тез теріс айналыңыз... Енді қарамай-ақ жаңағы жүзді санаңызда қайта жаңғыртыңыз. Осы көңілді, жылы жүзді етіп елестетіңіз. Керісінше, оның ашулы, тітіркенген кезін елестетіңіз... Егер ол әлі де ренішті, ызалы көзбен қараса достық сезіммен жымып тағы да теріс айналыңыз. Сіз енді таныстықты бекіткіңіз келмесе ол жаққа қарауға құқыңыз жоқ.

3-жаттығу. Сіз басқалардың айтқанын тыңдай аласыз ба? Сұрақ түсініксіз: егер мен біреумен әңгімелесем, демек оны тыңдағаным ғой. Бірақ сіз өзіңізді емес, оны ойлай тұра тыңдай аласыз ба? Егер жоқ болса, сіздің өміріңізде «ақылға сиымсыз» қақтығыстар жиі болғаны, оларды еске алғанда ұяласыз...

Құрбылардың тойында әр нәрсені айтып, сөзін бөлудің орнына үнсіз оны тыңдаңыз. Тыңдай отырып келесіні ойлаңыз: «Ол неге бұны айтып отыр? Көңілді ме, әлде жасанды ма? Мұңлы ма, әлде қызығушылық па? Егер өзін басқаша көрсетсе – неге?». Ол тұрған сіз өзіңіз деп ойлаңыз; оның көзқарасына сіз қалай болар едіңіз. Не болса да адамды кінәламай, одан өзіңді биік қоймай оның жанын түсінуге тырысыңыз. Егер сіз осыған жаттықсаңыз, көп таныстарыңыз сізге үйіріліп, кездескеніне қуанатын болады.

4-жаттығу. Жаныңыздағы адамды эмоционалды жылыта аласыз ба? Яғни ол сіздің қасыңызда сенімді, қылмай, шын көңілден жүре ала ма? Егер қолыңыздан келмесе сіздің тіпті достарыңызбен қарым-

қатынасыңыз формальды ғана болғаны. Оларда қандай да бір теңеушілік бар. Сіздің біреуіңізге қиындық болса, ол досымен кездесуді іздемейді.

Адамдар қалай жұмыс істейтінін қарап өз көңіліңізді білдіріңіз. Мысалы, сатушы сырды дәл етіп кесу. Жай ғана оған «Сізге өте оңай екен» деңіз. Сіз ұялшақ болсаңыз да өзіңізді жеңіп осыны айтыңыз. Сізді не ұялтатынын білуге бола ма. Өкінішке орай қаланың жанталас тіршілігінде бір-бірімізге жылы сөйлеп әдеттенбейміз, керісінше дерекілік күтеміз. Сондықтан жылы сөз сатушыны сезіктендіруі мүмкін. Ол «Оған менен не керек?» деп ойлауы мүмкін. Сіз оған қапаланбаңыз, одан сізге ешнәрсе керек еместігін білесіз ғой...

Әрине, мұндай жаттығу сізді эмоционалды қолдау өнеріне үйрете қоймайды. Бірақ ол осы бағыттағы жолды қысқартады. Сіз жасыру, ұстап қалу сияқты керек емес әдеттерден құтыласыз.

5-жаттығу. Сізге жағымсыз адамнан бірнәрсе сұрау қиын ба? Егер қиын болса, сіз тым әлсізсіз. Бетіңіз қайтудан қорқасыз. Сұрақ өте төмендеу болады деп сақтанасыз. Бірақ сіз қорыққан сайын, ол төменделіп естіледі... Мүмкін сіз жоқ жерден «жеке балағат» көруге дайын шығарасыз. Мүмкін сізде сәтсіздіктер жинақталып, біреудің жоқ деуі «шыдамдылық ыдысын толтыра түседі». Дегенмен, ол тек қана тамшы және сіз оған қайталанбас жеке адам болмасаңыз, не бары мыңдаған сұрақшыларының, клиентінің, өткіншінің, танысының бірі болсаңыз одан қасты көру ыңғайсыз. Сіздің ренжулі адамыңыз ауырған жерден ұруға қызығушылық танытпайды?...

6-жаттығу. Бұл жаттығу қиындау. Сізде ұсақ шиеленістегі қағыту күйінде, мысалы трамвайда өзіңізді үндемеуге көндіріңіз. Ұрысшының тілі не десе де, шыдаңыз. Теріс айналып, терезенің ар жағындағы лейдонға қараңыз. Минуттан кейін барлық куәгерлерге кімнің іс-әрекеті дұрыс екені белгілі болады. Оны сізсіз-ақ басып тастайды. (Егер ол тынбаса). Сіз трамвайдан өзіңізді жеңген сезіммен шығасыз. Әрине, бұл шиеленіс кезіндегі іс-әрекет стилі емес, тек жаттығу ғана. Сізді «қой» болуға оқырман шақырмайды. Сіз тек қана шыдамдылық және өзіндік сезімін игересіз. Бұл әдет ұсақ емес, принципиалды шиеленіс кезінде де керек болады. Ал өзіндік бедел сезімі дамығанда сізге жағымсыз адамдарға сұрақ жасау айтарлықтай жеңілдейді.

7-жаттығу. Сізде қожайынмен қоштассаңызда, ұзаққа созып тұра беру әдеті бар ма? (Вариант: бәрі айтылып болса да, телефон әңгімесін жалғастыра беру)

Ондай болса, кейбір пікірлері сіз үшін маңызды адамдар сізді мылжың санауы мүмкін.

Біреумен екеуіңізге де маңызсыз тақырыпта сөйлесіп тұрсаңыз (тексеріп алыңыз, солай ма, жоқ па?) – онда сағатыңызға қарап, жылы ғана «ой, кешіріңіз, мен асығыспын, келесіде аяқтармыз», деп тез кету керек. Егер ол ренжіп қалды деп ойласаңыз, артынан іздеп, телефон шалып, тағы да кешірім сұрап жуып-шайып жіберіңіз. Ал сіз өзіңізді басқа ісі бар адамдарға «жабыспауға» үйретесіз. Егер достық сезімдегі және қызық

«қоштасу» жесті кеме сөзі болса жаман болмас еді, бірақ ол белгілі артистримді талап етеді.

Берілген «жаттығулар» өзіңе үш қасиетті – шыдам, өзіндік бедел сезімі және басқаны жылы түсінуді «игеруге» бағытталған екенін аңғару оңай. Кейбіреулер музейлер мен театрларда болып, автоматты түрде қарым-қатынас мәдениетін игердім деп есептейді. Бірақ бір мағынада ауылдағы кемпірдің үш тіл білетін сәнді қалалықтан мәдениеттілігі артық болатын кездер жиі кездеседі.

Мұғалімдерге арналған психологиялық тренинг

Б. МИЗАМИТОВА

Мақсаты: ұстаздарды жаңашылдыққа, инновациялық әдіс тәсілдерді тәжірибелеріне енгізе отырып, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін, ой-қиялын арттыру.

Міндеті: жаңа қоғамдағы адамгершілік, патриотизм және педагогиканың ұйытқысы ретінде нәтижеге бағытталған білім беру іскерліктерін дамыту. Мұғалімнің эмоциялық көңіл-күйлерін көтеру, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту. Ұстаздардың өз кәсібіне деген ынтасын арттыру.

Түрі: психологиялық тренинг сағаты.

Әдісі: топтық жұмыс, сұрақ-жауап, мимика мен түсіндіру, ой бөлісу және пікір алмасу. Көрнекілігі: плакаттар, маркерлер, компьютер, интерактивті тақта, жүрекше, смайликтер, қобдиша, А4, А3.

Тренинг ережесі:

1. Белсенділікті арттыру;
2. Бірігіп жұмыс істеу;
3. Бір-біріне кедергі келтірмеу;
4. Өз ойын ашық айта білуге үйрену;
5. Өзіне пайдалы нәрсені алу;
6. Әріптестермен жақсы қарым-қатынаста болу;
7. Өзін еркін ұстауға үйрену.

Психолог: Сәлеметсіздерме, ұлағатты ұстаздар! Бүгін сіздерді психикалық көңіл-күйлеріңізді көтеруге, өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге өз-өзіңізге құрметпен қарауға, бір-бірімізбен сыйластық қарым-қатынаста болуға арналған «Мейірімді болса жүрек – орындар тілек» атты тренинг сағатына ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын.

Ұйымдастыру кезеңі:

Билеттер арқылы топқа бөлу.

«Жан жылуы» жаттығуы. Қолдарынан ұстап бір-біріне төмендегі сөздерді хормен айтады.

Мен сенен жылу аламын (сол жағына қарайды);

Жүрегіме саламын (тура қарайды);

Досыма сыйлаймын (оңға қарайды);

Сәттілік тілеймін (тура қарайды).

«Сиқырлы қобдиша» жаттығуы: Қобдишаны бір-бірінің қолдарыңа бересіздер, қобдишаны алған адам оны ашып ішіне қарайды.

Оның ішінен сіздер жан-жақты және қайталанбайтын бейнені көресіздер. Оған күліп қарауларыңыз керек.

Психолог: жан-жақты және қайталанбайтын бейне деген сөзді қалай түсінесіздер?

- Сіздер ол бейнеге күліп қарағанда, ол сізге қалай қарады?

- Қобдишаның ішінен қандай құпияны күттіңіздер?

- Демек, біз, сіз, әрбір адам өз алдына жан-жақты қайталанбайтын дүние екен. Ендеше сіздердің «сиқырлы қобдишадан» күткен құпия сырларыңыз сияқты, мен сіздермен құпия ойындар мен тапсырмаларға толы тренингімді бастаймын.

II. «Негізгі бөлім»

«Моншақ» жаттығуы: (2 топтың топбасшысына 2 ине мен жіп беріледі)

Психолог: Нұсқау: менің қолымдағы моншақтан өздеріңіз қалағандарыңызша алыңыздар.

Енді алған моншақтың санына қарай өз есіміңізді атай отырып, жақсы қасиеттеріңізді атаңыз. Олай болса мына ине жіпке жақсы қасиеттеріңізді тізіп көрейік. Әр топбасшысы өздеріне моншақ жасап алады.

Психолог: Көрдіңіздерме осы жақсы қасиеттерді біріктіре отырып, сіздер әлі талай шыңдардан көрінетіндеріңізге мен де, сіздер де сенімдісіздер.

Бір-бірімізге қол соғып қоямыз. Рахмет, келесі тапсырмаға көшеміз.

«Аялы алақан» жаттығуы: «Ұстаздармен сұхбаттасу жолы».

Психолог: Нұсқау: алдарыңыздағы А4 ақ қағазға әркім қос қолының суретін бастырып алады және саусақтарға өз жауаптарын жазып, ал есімдерін алақанға жазу керек.

Мінекей сіздерге бірнеше сұрақтар беріліп тұр.

1. Бос уақытыңызды тиімді пайдалануға тырысасыз ба?

2. Әріптесіңіздің бойынан көргіңіз келетін жағымды 3 қасиет?

3. Әріптесіңіздің бойынан көргіңіз келмейтін 3 жағымсыз қасиет?

4. Сіз осы қасиеттерді кімнен көргеніңізді атай аласыз ба?

5. Жауапкершілікті сезіну деген не?

Психолог: Рахмет сіздерге, әрқашанда жүректеріңіз нұрлы иманға толы болсын деген тілекпен тренингімізді жалғастырамыз.

Медитациялық жаттығу жасату. «Негативтен арылу»

Мақсаты: қатысушылардың өздерін сергек сезінуіне көмектеседі.

Бұл медиативтілік техника денедегі қысымды түсіруге бағытталған, музыкамен орындалады.

Талдау: Қандай сезімде болдыңыз? Не сезіндіңіз?

Рефлексия: «Ашығын айтсам»

1. Бүгінгі тренинг сіздерге ұнады ма?
2. Тренингтен қандай әсер алдыңыз?
3. Тренингтен кейінгі көңіл күйіңіз қандай?

Психолог: «жүректен шыққан сөз жүрекке жол табады».

Ән тыңдау. Қ. Рахым. «Жақсылық жасайық»

Жылы сөз адамдарды достастырады, сабырлы болуға, денсаулығын сақтауға, көңілін көтеруге ашуын қайтаруға септігін тигізеді. Әр айтылған сөзді адам жүрегімен қабылдайды. Сондықтан, қолдан келгенше бір-біріңе жылы, жақсы сөздер айтқан дұрыс.

Қорытынды: Адам өмірде екі нәрсемен қартаймайды, біріншісі-қайырымды ісі, екіншісі – жүректен шыққан жылы сөзі. Әрқашанда бір-бірімізге жылы сөздер айтып, бір-бірімізге қайырымды болайық. Мейірімді болса жүрек – орындалар тілек.

Жас мамандармен психологиялық тренинг

Г. СӘРСЕНОВА

Мақсаты: Жас мамандардың «Мен педагог» позитивті концепциясын, коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға, жаңа ортаға бейімделуіне, басқа адамдарды түсінуге, психологиялық қолдау көрсетіп, дамыту.

Міндеті:

- Бір-біріне деген сенімділік, адамгершілік қатынасын қалыптастыру;
- Психологиялық қолдау көрсету;
- Шығармашылыққа бағыт беру.

Психолог: Саламатсыздар ма, құрметті тренингке қатысушылар!

Бүгін біз бір-бірімізбен жақынырақ танысатын боламыз. Бүгінде мұғалімдік сара жолға қадам басқан жас мамандарға сәттілік тілей отырып, тренингімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Ең алдымен 1, 2, 3 санын суыру арқылы 3 топқа бөлінеміз және осы сандардың өмірінде маңызы бар ма? (Мысалы: 1-туылған күні немесе 1 пәтерінің номері)

1. «Танысу» жаттығуы.

Бүгінгі тренингімізді танысудан баста-



йық. Әркім өз есімін және есімдерінің бастапқы 3 әрпінен тұратын өз бойындағы үш қасиетін айту керек. Осылайша шеңбер бойымен жалғастырып әрқайсысы өздерін таныстырып шығады.

Мысалы: Әсем – әдемі, әсерлі.

2. Топтық жұмыс.

1-топқа: Бүгінгі жас маман болашақ – білікті ұстаз.

2-топқа: Мұғалім бойындағы көшбасшылық қасиеттерге тоқталу.

3-топқа: Мұғалімді қандай қабілеттеріне қарап көшбасшы деп айтуға болады?

3. Жас мамандарға арналған сауалнама?

- Сіз өз мамандығыңызды дұрыс таңдағаныңызға сенімдісіз бе?
- Сіз өз пәніңізді ұнатасыз ба?
- Оқыту процесінде қиындық кездесе кімге жолығасыз?
- Сіз оқушыларыңызбен ортақ тіл табыстыңыз ба?
- Тәлімгеріңізге көзқарасыңыз қалай?
- Сіздің шығармашылық мүмкіндігіңіз? (Оқушыларды немен қызықтыра аласыз?)

- Қатты ренжіген сәтіңізде не істейсіз?


- Ата-аналарыңызбен қарым-қатынасыңыз қалай?

- Сіз жұмыстан кейін үйге асығасыз ба?

- Сізге біздің ұжымда жақсы ма? (Қосатын ойыңыз болса)

4. Арт-терапия

Енді келесі жұмысымызға келетін болсақ, ол арт-терапия, яғни шеңбер бойынша сурет саламыз. Алдарыңызда берілген ақ парақ пен қарындашты алып сурет саласыздар, жаймен музыка ойнап тұрады, музыка тоқтаған кезде сіздер өздеріңіз салып жатқан суретіңізді келесі адамға жалғайсыз. Осылайша өз суреттеріңіз қайта оралғанша



шеңбер бойымен жалғаса береді. Өзің бастаған сурет өзіңе келгенде, өз суреттеріңе қарай, тақырып беріп талдау жұмысы жүргізіледі. Жас мамандардың жалғастырма суреттері бірінің ойынан бірі шыққандай, бірлесіп (топтасып) жұмыс жасауға үйренгені байқалады.

5. «Жаңбыр» сергіту жаттығуы

Нұсқау. Барлық қатысушылар шеңбер құрып тұрады.

Тренер шеңберде тұрғандарға жаттығу береді, қатысушылар қимылды кезекпен қайталау керек.

6. Жағдаяттан жол тауып шығу: Ситуациялық сұрақтар.

Ұстаздық жолда талай қиналасың,

Қиналасың, артынан жол табасың

Күтпеген жағдайларға кез боп талай

Сол жағдайдан шыға алсаң, сыйлы адамсың.

Әр топқа екі жағдаяттан беріп талқылау.

1. Ата-аналар жиналысында сіз баласы туралы нашар пікір айттыңыз. Ата-анасы баласын жақтап, мұғалімді кінәлады. «Білім, тәрбие бере алмайсыңдар», - деп ашуланды. Барлық ата-ана сізге қарап отыр. Қандай жауап қайтарасыз, қандай әдіс-тәсілдерді қолданасыз?

2. Оқушы сіздің сабағыңыздан үнемі қашып кетеді. Мектеп әкімшілігі оқушыны қызықтыра алмадың деп сізді кінәлады. Басқа оқушылар сіздің сабағыңызды ұнатады. Әлгі оқушымен қандай жұмыс атқарасыз және қандай шара қолданасыз?

3. Сіз бүгін қандай бір жағдаймен сабаққа дайын емессіз. Өзіңіз жас маман болғандықтан, жоспарсыз сабақ өткізу сіз үшін қиындық келтіреді. Сабаққа келсеңіз, сабағыңызға кісі қатысып отыр. Не істейсіз жағдаяттан қалай шығасыз?

4. Сіз сабақты слайд түрінде дайындап келдіңіз. Оны бір оқушы интерактивті тақтаны қосамын деп жүргенде бәрін өшіріп алады, не істер едіңіз?

5. Үй жұмысын тексеру үшін дәптер жинап алдыңыз. Бір оқушы дәптеріне сіздің суретіңізді салып мазақ етіп жазып қойған. Не істер едіңіз?

6. Сізді бір жоғарғы кластың оқушысы ұнатып қалғанын айтып, дос болуға шақырады, не істер едіңіз?

7. Жас мамандарға Жадынама тарату

1. Жас баланы ересек адамша құрметтей де, жақсы көре де біліңіз;

2. Балалармен жұмыс жүргізуден туындайтын сүйсіну сезімдерін бойға сіңіруге тырысыңыз, өйткені ол бірден емес, біртіндеп қана қалыптасатын сезім;

3. Өзіңіздің білім атты «жүктемеңізді» қызықты тарихи оқиғалармен, ертегілермен, жануарлар әлемінен, табиғаттан және т.б. алынған қызықты фактілермен толықтырыңыз;

4. Жұмысты әрқашан жақсы көңіл-күймен атқарыңыз. Бұл жерде әңгіме адамның жұмысқа өзін өзі даярлауы туралы болып отыр;

5. Сабаққа көрнекілікті «артығымен» әзірлеңіз. Материалдың жетпей қалғанынан гөрі, артық болып пайдаланылмай қалғаны жақсы;

6. Адал көңілмен қарым-қатынас жасаңыз, балалар оны сезеді және бағалайды.

Жұмысты жаңа бастаған жас мамандарды қате қадамнан сақтандыратын бірнеше тыйым.

1. Балаларды көңіліне тиетін атаулармен және теңеулермен атап кемсітпеңіз;

2. Шектен шыққан жағдай орын алса да дауыс көтермеңіз. Егер сондай бір жәйт үстінде дауыс көтеріп қалған болсаңыз, артынша бұған мәжбүр болғаныңызға өкінетініңізді білдіріңіз;

3. Баланы жазалай отырып, дер кезінде кешіре де біліңіз, шын көңілден кешірім сұрауға дайын болатындай жағдай да жасаңыз;

4. Баланы жазалай отырып, сол жаза арқылы өзге балалардың қуанышын ынталандырмаңыз;

5. Балалардың бір-бірін жамандап әңгіме айтуына жол бермеңіз, шағым айтқыштарды сөзі шын болса да ынталандырмаңыз. Кінәлі балаға өз қателігін мойындатуға тырысыңыз. Бірақ ол өзін «жаман», «тәрбие-сіз» немесе бәрін «әдейі» істейтін бала секілді сезінбейтін болсын;

6. Баланың отбасы мен ата-анасы туралы оның көзінше ешқашан жағымсыз сөз айтпаңыз және өзгенің де олай етуіне жол бермеңіз;

7. Егер сіз ойынды немесе сабақ тақырыбын өзіңіз жақсы білмейтін болсаңыз немесе әзірлігіңіз нашар болса, оларды өткізбеңіз;

8. Баланың бастамасын «Өзіңнен сұраған кезде ғана айт» немесе «Өзіңе рұқсат берген «кезде ғана жаса» деп үзіп тастамаңыз, әйтпесе олар сіздің басшылығыңызсыз бірдеме істеуден мүлдем қалады;

9. Ашуланбаңыз және ез ашуыңызды керсетпеңіз. Егер солай бола қалған жағдайда, бұл жайттың сізді қатты қынжылтқанын білдіруге тырысыңыз.

8 . Сұраққа жауап

Ұстазсың ба, болуың керек жан-жақты,

Кездестіресің өмірде талай сұрақты.

Білімділік керек саған, жас ұстаз,

Жылдамырақ тауып көрші жауапты.

1. Оқушылардың халықтық педагогикамен тәрбиелеуге негізделген бағдарламаның аты қандай? («Атамекен» бағдарламасы)

2. Шоқанның шын аты кім? («Мұхамедқанафия)

3. Мемлекеттік бас құжат не? (Конституция)

4. «Жұқа тақтай бөлшегі, ұзындықтың өлшемі» ол не? (Сызғыш)

5. Әлемнің кереметі нешеу? (7)

6. Жол сілтер жұлдыз қалай аталады? (Жеті қарақшы)

7. «Көп түкірсе» не болады? (Көл)

8. Қазақ алфавитінің негізін салушы кім? (А. Байтұрсынов)

9. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасынан туған ән? (Елім-ай)

10. Абайдың шын аты кім? (Ибраһим)

Тілек тілеу, қортындылау.

Мұғалімдерге психологиялық кеңес

А. ИСМАГУЛОВА

Мұғалім шәкірттерін шын жүреппен сүйе білуі керек және оқушылардың әдептілігін, әділеттілігін, ақыл-парасаттылығын, жан-жақтылығын, ұстамдылығын, сезімталдығын бағалау қажет.

Сонымен қатар мынандай кемшіліктер мен келеңсіздіктерге қарсы тұрып, оларды жеңе білуі керек:

- шаршап-шалдығушылық;
- ұйқысыздық;
- беймазальдық;
- аурушандық;
- басқа адамдар туралы жиі теріс ой-пікірлер айту;
- өзінің жұмысына салақтық;
- немқұрайлық;
- ісіне жауапсыздық;
- өзін орынсыз төмен ұстау;
- ашуланшақтық;
- орынсыз ұялшақтық;
- күдікшілдік, т.б.

Мұғалім сыртқы келбетін, өзін-өзі басқару шеберлігін, мимика және пантомимика мәнерлерін, сөйлеу шеберлігін, шешендік қасиетін, дауыс дикциясын сақтауы керек.

Баланың мінез-құлқын қалыптастыруда мадақтау тәсілдерін қолданған тиімді. Бірақ баланың мінез ерекшелігін жете білмей артық мақтауға да болмайды. Нәтижесінде бала бойында жағымсыз мінез-құлықтар толы болады. Мысалы: төкаппарлық, дандайсығандық, т.б. теріс қасиеттер қалыптасады.

Шәкіртіңіздің мінезін жақсы түсіну үшін ең алдымен оның дамуына не нәрсенің қажет екенін білуіміз керек. Ол кіммен дос, кіммен ойнайды, не оқиды, оқығандарын қалай қабылдайтынын әрбір мұғалім білуі тиіс.

Ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім – мектептің жүрегі», - деп айтып кеткен.

Қазіргі біздің заманымыздың, ХХІ ғасыр мұғаліміне қойылатын талаптар:

- біріншіден, мұғалім жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін жігерлі тұлға және маман мұғалім болуы қажет;
- екіншіден, мұғалімнің педагогикалық ойлау қабілеті ғылыми түрде қалыптасуы тиіс;
- үшіншіден, мұғалім – білім негіздерін өз бетінше оқып үйренуге, оқушыны баулуға міндетті;
- төртіншіден, мұғалім – педагогикалық ағымда баламен ынтымақтаса қызмет ететін тұлға болуы керек;
- бесіншіден, педагог әр уақытта өз білімін толықтырып, шығармашылығын арттыруға міндетті.

Қорыта келе, ұлы педагог К. Ушинскийдің сөзімен айтқанда: «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтасысымен оның мұғалімдігі де жойылады», - деген қағидасын жадымызда ұстасақ, мұғалім де тоқыраушылықтан аман болары сөзсіз.

Авторлар туралы мәлімет

Сведения об авторах

АБЖАЛИЕВА Анар – «Bayterek 2050» жеке мектебінің бастауыш сынып мұғалімі. Бостандық ауданы, Алматы қаласы.

АЙЖАРЫҚОВА Клара Уримбасарқызы – Бегалы негізгі мектебінің педагог-психологы. Қобда ауданы, Ақтөбе облысы.

АСЫЛХАНОВА Меруерт – Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, психол. ғ.д., МАНПО корреспондент-мүшесі. Алматы қаласы.

ӘЛІМЖАН Іңкәр – Қарасақал Ерiмбет атындағы №96 мектеп психологы. Бозкөл ауылы, Қазалы ауданы, Қызылорда облысы.

ЕГОРОВА Елена Александровна – учитель-дефектолог, КГУ «Специальная школа-интернат №2» управления образования Карагандинской области, город Караганда.

ЕРМАКОВА Анна Викторовна – педагог-психолог КГУ «Первый городской общеобразовательный лицей», г. Петропавловск, Северо-Казахстанская область.

ГОРБУНОВА Евгения Олеговна – воспитатель КГУ «Специальная школа-интернат №2» управления образования Карагандинской области, город Караганда.

ИСМАГУЛОВА Айдана Жүрсінқызы – №19 орта мектебінің психологы. Рудный қаласы, Қостанай облысы.

ИСКАКОВА Айман Аскаралиевна – А. Байтұрсынұлы атындағы Binom School мектеп-лицейінің педагог-психологы. Астана қаласы.

ИТАЕВА Алла Анатольевна – воспитатель КГУ «Специальная школа-интернат №2» управления образования Карагандинской области, город Караганда.

КЕНҒАН Гүлмира Қайырбайқызы – Ә. Бөкейхан атындағы ЖББОМ базасындағы Тірек мектебінің психологы. Ақтоғай ауданы, Қарағанды облысы.

МАСАЛИМОВА Эльмира Бидахметовна – педагог-психолог КГУ «Детский дом №8» г. Семей.

МИЗАМИТОВА Бакытгул Масалимовна – «Көктүбек орта мектебі» КММ психологы. Көктүбек ауылы, Ақсуат ауданы, Абай облысы.

МЫРЗАҒАЛИЕВА Нұрилла Серікхалиқызы – Педагогикалық-психологиялық түзету кабинетінің психологы. Түркістан қаласы, Түркістан облысы.

РАХИМЖАНОВА Салтанат Еркеновна – социальный педагог КГУ «Первый городской общеобразовательный лицей», г. Петропавловск, Северо-Казахстанская область.

СӘРСЕНОВА Гауһар Сатыбалдықызы – Д. Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының педагог-психологы. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.